Қазақ тілінде	"АлмаТай Construction" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Орыс тілінде	Товарищество с ограниченной ответственностью "АлмаТай Construction"
Ағылшын тілінде	null

Қысқартылған атауы

Қазақ тілінде	"АлмаТай Construction" ЖШС
Орыс тілінде	ТОО "АлмаТай Construction"
Ағылшын тілінде	null

2. Эмитенттің бизнес-сәйкестендіру нөмірі

230240046636

3. Облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер:

1) облигациялардың түрі, облигациялардың саны және облигациялар шығарылымның жалпы көлемі.

- облигациялардың түрі: қамтамасыз етусіз купондық облигациялар
- облигациялардың саны: 11 000 000 (он бір миллион) дана
- облигациялар шығарылымның жалпы көлемі: 11 000 000 000 (он бір миллиард) Теңге

Егер облигациялар өтеу мерзімі жоқ облигациялар болып табылса, бұл туралы мәліметтер көрсетіледі

облигациялардың өтеу мерзімі бар

2) бір облигацияның номиналды құны (егер бір облигацияның номиналды құны индекстелген шама болса, онда бір облигацияның номиналды құнын есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі)

1 000 (бір мың) Теңге

3) облигацияның номиналды құнының, облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы

Теңге

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

4) облигациялар бойынша негізгі сыйақы мөлшерлемесінің және ол болған жағдайда қосымша сыйақы мөлшері

облигациялар бойынша негізгі сыйақы мөлшерлемесінің: 25.00

қосымша сыйақы мөлшері: 22 %

Қосымша сыйақы төленген жағдайда облигациялар бойынша қосымша сыйақы алудың басталуына немесе басталмауына байланысты болатын оқиғалар туралы ақпарат көздерін көрсете отырып, облигациялар бойынша қосымша сыйақы мөлшерін айқындау тәртібі көрсетіледі.

Облигация бойынша қосымша сыйақы төлеу бір реттік болып табылады және құрылыс-монтаждау жұмыстарының өзіндік құнын төмендетуге және жобаның қаржылық-өндірістік көрсеткіштерін жақсартуға әсер ететін, сол арқылы инвесторға табыс үшін сыйақы болып табылатын тұрғын үй кешенін жедел пайдалануға енгізуге байланысты болады.

Облигация бойынша қосымша сыйақы төлеу Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Жандосов және Сүлейменов көшелерінің қиылысы мекенжайы бойынша орналасқан, жапсарластыра салынған орын-жайлары мен паркінгі бар көп пәтерлі тұрғын үй кешенін 2025 жылғы 28 ақпаннан кешіктірмей жедел пайдалануға берген жағдайда (бұдан әрі – Сыйақы оқиғасы), Облигацияның номиналды құны сомасынан 22% мөлшерінде (бұдан әрі - қосымша сыйақы мөлшерлемесі) көзделген.

Облигация бойынша қосымша сыйақы төлеу жүзеге асырылатын Сыйақы оқиғасының басталуы туралы ақпарат көзі Эмитенттің Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Жандосов және Сүлейменов көшелерінің қиылысы мекенжайы бойынша орналасқан, жапсарластыра салынған орын-жайлары мен паркінгі бар көп пәтерлі тұрғын үй кешенін уәкілетті мемлекеттік орган тіркеген, «Қазақстан қор биржасы» АҚ (www.kase.kz) және/немесе Қаржылық есептілік депозитарийі (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында жарияланған пайдалануға қабылдау актісін алғаны туралы ақпараттық хабарлама болып табылады.

Қосымша сыйақы номиналды құнның және қосымша сыйақы мөлшерлемесінің туындысы ретінде есептеледі. Үтірден кейінгі белгілердің саны және дөңгелектеу әдісі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

Сыйақы оқиғасы басталғаннан кейін қосымша сыйақы төлеу Облигация бойынша ең жақын кезекті купондық сыйақы төленген кезде бір мезгілде жүргізіледі.

Қосымша сыйақы оны алуға құқығы бар және Эмитенттің бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде тіркелген тұлғаларға кезеңнің соңғы күнінің басында (бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын орталық депозитарий орналасқан жердегі уақыт бойынша) төленеді, ол үшін ең жақын кезекті купондық сыйақы төлеу жүзеге асырылады, сонымен бір мезгілде Сыйақы оқиғасы басталғаннан кейін қосымша сыйақы төленеді.

Облигацияларды өзге де мүліктік құқықтармен өтеу кезінде сыйақы және номиналды құн төленген жағдайда, осы құқықтардың, олардың сақталуын қамтамасыз ету тәсілдерінің, бағалау тәртібінің және көрсетілген құқықтарды бағалауды жүзеге асыруға құқылы тұлғалардың сипаттамасы, сондай-ақ осы құқықтардың өту тәртібі келтіріледі.

Облигацияларды өтеу кезінде сыйақы мен номиналды құнын төлеу өзге мүліктік құқықтармен жүргізілмейді

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

5) сыйақыны төлеу кезеңділігін және (немесе) сыйақыны төлеу күнін және сыйақыны алу тәсілін көрсете отырып, облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен талаптары

облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен талаптары: Облигациялар бойынша сыйақы төлеу Облигациялар айналысының бүкіл кезеңі ішінде Облигациялар айналысы басталған күннен бастап әр 3 (үш) ай сайын жылына 4 (төрт) рет жүргізіледі.

Сыйақы оны алуға құқығы бар және Эмитенттің бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде тіркелген тұлғаларға сыйақы төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басында (бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын орталық депозитарий орналасқан жердегі уақыт бойынша) (бұдан әрі – «Тиянақталған күні») төленеді.

Облигациялар бойынша сыйақы төлеу тіркелген күннен кейінгі күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде Облигацияларды ұстаушылардың ағымдағы шоттарына ақша аудару жолымен теңгемен жүргізіледі.

Әрбір купондық кезең үшін Облигациялар бойынша сыйақы алуға Облигацияларды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде тіркелген тұлғалар тиянақталған күні құқылы.

Соңғы купондық кезең үшін купондық сыйақыны төлеу Облигациялар бойынша борыштын негізгі сомасын төлеумен бір мезгілде жүргізіледі.

Облигациялар бойынша сыйақы төлеу айналыстың бүкіл мерзімі ішінде жылына 360 (үш жүз алпыс) күн және айына 30 (отыз) күн уақытша база есебінен жүргізілетін болады.

Купондық сыйақы сомасы номиналды құнның және купондық сыйақының тоқсан сайынғы мөлшерлемесінің (Облигациялар бойынша купондық сыйақының төртке бөлінген жылдық мөлшерлемесі) көбейтіндісі ретінде есептеледі. Үтірден кейінгі белгілердің саны және дөңгелектеу әдісі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады. Соңғы купондық кезең үшін купондық сыйақыны төлеу Облигациялар бойынша берешектің негізгі сомасын төлеумен бір мезгілде жүргізіледі.

сыйақыны төлеу кезеңділігін: Тоқсан сайын

б) облигациялар айналысының басталу күні және мерзімі (облигацияларды өтеу мерзімінсіз шығарған жағдайда айналыс мерзімі көрсетілмейді)

Облигациялар айналысының басталу күні «Қазақстан қор биржасы» АҚ сауда жүйесінде Облигацияларды орналастыру бойынша алғашқы сауда-саттық өткізілген күн болып табылады. Алғашқы сауда-саттықты өткізу күні туралы хабарлама «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми сайтында (www.kase.kz) жарияланады.

облигациялар мерзімі

Жылдар: 4

Айлар:

Күндер:

7) облигацияларды өтеу күні және тәсілі (облигацияларды өтеу мерзімінсіз шығарған жағдайда толтырылмайды)

облигацияларды өтеу күні

Облигациялар айналысы кезеңінің соңғы күнінен кейінгі 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде.

облигацияларды өтеу тәсілі

Облигациялар айналыс кезеңінің соңғы күнінен кейінгі күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде соңғы купондық сыйақыны бір мезгілде төлей отырып, Облигациялардың номиналды құны бойынша теңгемен өтеледі.

Соңғы купондық сыйақыны қоса алғанда, Облигацияларды өтеуге арналған ақшаны Эмитент уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен және мерзімдерде Облигацияларды өтеуге (мерзімінен бұрын өтеуге) арналған соманы есептеу үшін орталық депозитарийде ашылған шотқа әрбір Облигация ұстаушыға төленуге жататын сома туралы ақпаратты қамтитын Облигация ұстаушылардың тізімін қоса бере отырып аударарды.

Егер Облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болған жағдайда, Облигацияларды ұстаушыда Қазақстан Республикасының аумағында теңгемен банк шоты болған кезде, төлем теңгемен жүргізілетін болады.

Төлемді жүзеге асыру кезінде теңгені өзге валютаға (тек АҚШ доллары немесе Еуро ғана) айырбастауға Эмитент Қазақстан Республикасының бейрезиденті Облигацияларды ұстаушыдан тиісті жазбаша өтінішті тиісті төлем күніне дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей алған жағдайда жол беріледі. Көрсетілген айырбастау төлемді жүзеге асыру күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша жүзеге асырылады. Теңгені өзге валютаға (тек АҚШ доллары немесе Еуро ғана) айырбастау Қазақстан Республикасының бейрезиденті Облигацияларды ұстаушы есебінен жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының резиденті – Облигацияларды ұстаушының пайдасына Облигациялар бойынша төлемді жүзеге асыру кезінде теңгені өзге валютаға айырбастауға жол берілмейді.

Орталық депозитарий Облигацияларды өтеуге (мерзімінен бұрын өтеуге) арналған ақшаны уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен Облигацияларды ұстаушылардың осы деректерінің банк шоттарына аударуды жүзеге асырады.

4. Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу тәртібі мен шарттары

Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу мүмкіндігі көзделген жағдайда, облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу құны (құнын айқындау тәртібі), эмитент облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуі мүмкін не облигациялардың иелері облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу туралы талапты, эмитенттің облигацияларды мерзімінен бұрын өтеудің шарттары мен қорытындылары туралы ақпаратты ашу тәртібін, сондай-ақ облигацияларды шығару туралы шешімде көзделген, эмитенттің қалауы бойынша немесе облигациялар иелерінің талап етуі бойынша мерзімінен бұрын өтеу жүзеге асырылатынына қарай облигацияларды мерзімінен бұрын өтеудің өзге де талаптары көрсетіледі.

Егер эмитент облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу мүмкіндігін көздеме, бұл мән-жай көрсетіледі.

Облигациялар эмитентінің Жалғыз қатысушысының өз шешімі бойынша облигацияларды ұстаушыларға облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу жарияланған күнге дейін кемінде күнтізбелік 10 (он) күн бұрын хабарлама бере отырып, кез келген уақытта толық немесе ішінара мерзімінен бұрын өтелуі мүмкін. Эмитент облигация ұстаушыларды "Қазақстан қор биржасы" АҚ (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийі (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы осындай шешім қабылдағаны туралы хабардар етеді. Облигацияларды өтеу қорытындылары туралы жарияланған мәліметтер мен хабарламаларда Қазақстан Республикасының заңнамасында, "Қазақстан қор биржасы" АҚ және "Бағалы қағаздардың орталық Депозитарийі" АҚ ережелерінде көзделген мәліметтер болуға тиіс.

Облигациялар теңгемен облигациялардың номиналды құны бойынша мерзімінен бұрын өтеледі. Мерзімінен бұрын өтеу бойынша төлем облигацияларды мерзімінен бұрын өтеудің жарияланған күнінен кейінгі күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде жүргізіледі.

Негізгі борыш сомасын мерзімінен бұрын өтеу осы Жеке меморандум 3-тармағының «Облигацияларды өтеу күні мен тәсілі» 7-тармақшасына сәйкес шарттарда Орталық депозитарийдің банк шотына ақша аудару жолымен жүзеге асырылатын болады.

5. Арнайы қаржы компаниясының облигациялары шығарылған кезде жобалық қаржыландыру кезінде мыналар қосымша көрсетіледі:

1) ақшалай талаптардың сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша түсімінің талаптары және болжанатын мерзімдері

2) облигациялар ұстаушыларға негізгі шарт бойынша жасалған мүліктің меншік иесінің ауысуы туралы, кредиторлар өкілдерінің арнайы қаржы компаниясының органдарына енгізілуі және олардың өкілеттіктері туралы ақпаратты ұсыну тәртібі

3) арнайы қаржы компаниясының жобалық қаржыландыру мәмілесіне қызмет көрсетуге, инвестициялық басқаруға байланысты, бөлінген активтер есебінен жүзеге асырылатын шығыстарының тізбесі

4) бір облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған түрлі шығарылымдардың облигацияларын өтеу және сыйақы төлеу тәртібі мен кезектілігі (облигациялық бағдарлама шегінде жеке меморандумда көрсетіледі)

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

5) арнайы қаржы компаниясы банкрот болған кезде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын ұстаушылардың талаптарын қанағаттандыру тәртібі мен кезектілігі

Жатпайды

6. Арнайы қаржы компаниясының облигациялары шығарылған кезде секьюритилендіру кезінде мыналар қосымша көрсетіледі:

1) оригинатордың, кастодиан-банктің, инвестициялық портфельді басқарушының, арнайы қаржы компаниясының және басқаға берілген талап ету құқықтары бойынша төлемдерді жинайтын тұлғаның атауы мен орналасқан жері

2) секьюритилендіру мәмілесіндегі оригинатор қызметінің мәні, құқықтары мен міндеттері

3) талап ету құқықтарының сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша түсімінің талаптары, тәртібі мен мерзімдері және олардың орындалуына бақылау жасау тәртібі

4) бөлінген активтер бойынша уақытша бос түсімдерді инвестициялау тәртібі

5) талап ету құқықтары біртектілігінің өлшемшарттары

6) бір облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған түрлі шығарылымдардың облигацияларын өтеу және сыйақы төлеу тәртібі мен кезектілігі (облигациялық бағдарлама шегінде жеке меморандумда көрсетіледі)

7) арнайы қаржы компаниясы банкрот болған кезде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын ұстаушылардың талаптарын қанағаттандыру тәртібі мен кезектілігі

Жатпайды

7. Эмитенттің шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын мүлкі туралы мәліметтер:

1) осы мүлктің құнын көрсете отырып шығарылған облигациялар бойынша қамтамасыз етудің сипаттамасы

Осы шығарылымның Облигациялары қамтамасыз етілген болып табылмайды.

2) қамтамасыз ету құнының облигациялар шығарылымының жиынтық көлеміне пайыздық арақатынасы

0%

3) кепіл затын өндіріп алу тәртібі

Осы шығарылымның Облигациялары қамтамасыз етілген болып табылмайды.

8. Атауын, орналасқан жерін, кепіл шартының деректемелерін, кепілдік мерзімі мен талаптарын көрсете отырып, кепілдік берген банктің деректері (егер облигациялар кепілдікпен қамтамасыз етілсе)

Жатпайды

9. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсаты

1) Эмитент облигацияларды орналастырудан алатын ақшаны пайдаланудың нақты мақсаттары көрсетіледі

Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Жандосов және Сүлейменов көшелерінің қиылысы мекенжайы бойынша орналасқан, жапсарластыра салынған орын-жайлары мен паркингі бар көп пәтерлі

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

тұрғын үй кешені құрылысын қаржыландыру. Жер учаскесінің ауданы - 1,94 га, кезектер саны – 1, қабаттар саны - 9, үй-жайлардың ауданы – 5 543 ш.м.

2) "Жасыл", әлеуметтік облигациялар, орнықты даму облигациялары және орнықты дамуға байланысты облигациялар шығарылған жағдайда эмитентте облигациялар шығару жөніндегі негіздемелік бағдарламаның болуы туралы ақпарат көрсетіледі

Облигациялар "жасыл" облигациялар, әлеуметтік, тұрақты даму облигациялары және тұрақты даму облигациялары, сондай-тұрақтылыққа байланысты облигациялар болып табылмайды.

3) "Жасыл" облигациялар шығарылған жағдайда, облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсатының Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 3-тармағында белгіленген жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат көрсетіледі

Облигациялар "жасыл" облигациялар болып табылмайды.

4) Әлеуметтік облигациялар шығарылған жағдайда қаржыландыруға осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылатын әлеуметтік міндеттерді іске асыруға бағытталған тиісті жобаның қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ оның Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 4-тармағында белгіленген жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат келтіріледі

Облигациялар әлеуметтік облигациялар болып табылмайды.

5) Орнықты даму облигацияларын шығарған жағдайда қаржыландыруға (іске асыруға) осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылатын "жасыл" және әлеуметтік жобалардың үйлесімінің қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ олардың Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 3 және 4-тармақтарында белгіленген жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат келтіріледі

Облигациялар "жасыл" облигациялар, әлеуметтік, тұрақты даму облигациялары және тұрақты даму облигациялары, сондай-тұрақтылыққа байланысты облигациялар болып табылмайды.

6) "Жасыл", әлеуметтік облигациялар және орнықты даму облигациялары шығарылған жағдайда қосымша:

қаржыландыру үшін осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылған жобаны іске асыру барысы туралы ақпаратты ашуды эмитент жүзеге асыратын ақпарат көздері

Облигациялар "жасыл" облигациялар, әлеуметтік, тұрақты даму облигациялары және тұрақты даму облигациялары, сондай-тұрақтылыққа байланысты облигациялар болып табылмайды.

егер қаржыландыруға осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылған жоба Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 3 және 4-тармақтарында белгіленген жобаларға сәйкес келмейтін болса, эмитент қолданатын шаралар көрсетіледі

Облигациялар "жасыл" облигациялар, әлеуметтік, тұрақты даму облигациялары және тұрақты даму облигациялары, сондай-тұрақтылыққа байланысты облигациялар болып табылмайды.

7) Орнықты дамуға байланысты облигациялар шығарылған жағдайда:

эмитент алдын ала белгілеген оларға қол жеткізу мерзімдерін көрсете отырып, орнықты даму саласындағы қызметтің нақты нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау үшін пайдаланылатын тиімділіктің негізгі көрсеткіштері

Облигациялар тұрақты даму облигациялары және тұрақты даму облигациялары, сондай-тұрақтылыққа байланысты облигациялар болып табылмайды.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

көрсетілген көрсеткіштерді есептеу әдістемесі

Облигациялар тұрақты даму облигациялары және тұрақты даму облигациялары, сондай-тұрақтылыққа байланысты облигациялар болып табылмайды.

эмитент қол жеткізген жағдайда қолданысқа енетін, орнықты дамуға байланысты облигациялардың қаржылық және (немесе) құрылымдық сипаттамалары

Облигациялар тұрақты даму облигациялары және тұрақты даму облигациялары, сондай-тұрақтылыққа байланысты облигациялар болып табылмайды.

эмитент өзі белгілеген негізгі көрсеткіштердің орындалуы туралы ақпаратты ашуды жүзеге асыратын ақпарат көздері сипатталады

Облигациялар тұрақты даму облигациялары және тұрақты даму облигациялары, сондай-тұрақтылыққа байланысты облигациялар болып табылмайды.

Орналастырудан түскен ақша жобаны қаржыландыруға бағытталатын инвестициялық облигациялар шығарылған жағдайда, осы жобаның қысқаша сипаттамасы келтіріледі

Облигациялар инвестициялық облигациялар болып табылмайды.

10. Облигация ұстаушыға берілетін құқықтар

- 1) Осы Жеке меморандумда көзделген тәртіппен және мерзімдерде Облигацияларды өтеу кезінде номиналды құнды алу құқығы;
 - 2) Облигациялар бойынша осы Жеке меморандумда көзделген мерзімдерде және мөлшерде олардың номиналды құнының тіркелген пайызын алу құқығы;
 - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында және «Қазақстан қор биржасы» АҚ қағидаларында көзделген тәртіпке сәйкес және тәртіппен Эмитенттің қызметі және оның қаржылық жай-күйі туралы ақпарат алу құқығы;
 - 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен Облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыру құқығы;
 - 5) осы Жеке меморандумда белгіленген жағдайларда Облигациялардың барлығын немесе бір бөлігін сатып алуға мәлімдеу құқығы;
 - 6) Облигацияларды еркін сату және басқаша билік ету құқығы;
 - 7) Эмитенттің Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жеке меморандумда көзделген жағдайларда Облигацияларды сатып алуды талап ету құқығы. Егер Эмитент «Бағалы қағаздар рыногы туралы» заңның 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген шарттардың кез келгенін бұзуға жол берген жағдайда, Облигацияларды ұстаушылар өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алуды талап етуге құқылы.
- «Бағалы қағаздар рыногы туралы» заңның 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайлар туындаған кезде, Эмитент орналастырылған Облигацияларды келесі бағалардың ең үлкені бойынша сатып алуды жүзеге асыруға міндетті:
- а) жинақталған, бірақ төленбеген сыйақыны ескере отырып, Облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға;
 - б) қор биржасының сауда жүйесіне айналысқа жіберілген қаржы құралдарын бағалау әдістемесіне сәйкес айқындалған Облигациялардың бағасы (мұндай баға болған кезде);
 - с) Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес бағалаушы айқындаған баға (егер Эмитенттің Облигациялары ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногы айналысқа түспесе).
- «Бағалы қағаздар рыногы туралы» заңның 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген сатып алу үшін негіздердің кез келгені туындаған жағдайда, Эмитент көрсетілген негіздер басталған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми интернет-ресурстарында (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

депозитарийі (www.dfo.kz) тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы Облигацияларды сатып алу үшін негіздеменің туындағаны туралы ақпаратты Облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізуге міндетті. Бұл ақпарат Облигацияларды сатып алу үшін негіздердің қайсысының орын алғаны туралы толық сипаттаманы, сондай-ақ инвесторлар мен өзге де мүдделі тұлғалар үшін қажетті өзге де елеулі ақпаратты қамтуы тиіс. Облигацияларды сатып алу туралы кемінде бір жазбаша өтініш алған жағдайда, Эмитенттің Жалғыз қатысушысы сатып алуға жазбаша өтініштерді қабылдау кезеңінің соңғы күнінен кейінгі 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде келесі туралы шешім қабылдауға міндетті:

а) Облигацияларды сатып алу;

б) Облигацияларды сатып алу жүргізілетін баға;

с) сатып алынатын Облигациялардың саны;

д) бұл ретте, сатып алуды өткізу күні Эмитенттің Жалғыз қатысушысы Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірілмей белгіленуге тиіс;

е) есеп айырысу тәртібімен, оның ішінде:

- Облигацияларды ұстаушылардың Облигацияларды сатып алу нәтижесінде оларды есептен шығаруға Облигацияларды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын орталық депозитарийге бұйрықтар беру тәртібі;

- Облигацияларды ұстаушыға одан сатып алынған Облигацияларды төлеуге ақша қаражатын аудару тәртібі;

- Эмитенттің Облигацияларды сатып алуын ұйымдастыру үшін қажетті өзге де шешімдер.

Эмитент Эмитенттің Жалғыз қатысушысы Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде «Қазақстан қор биржасы» АҚ (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийі (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы Облигацияларды ұстаушылардың назарына осындай шешім қабылдау туралы ақпаратты жеткізуге міндетті. Жарияланған мәліметтер келесі мәліметтерді қамтуы тиіс:

а) осы бағаны есептеу тәртібін көрсете отырып, Облигацияларды сатып алу жүргізілетін баға;

б) сатып алынатын Облигациялар саны;

с) Облигацияларды сатып алуды жүргізу күні;

д) есеп айырысу тәртібі, оның ішінде:

- Облигацияларды ұстаушылардың Облигацияларды сатып алу нәтижесінде оларды есептен шығаруға Облигацияларды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын орталық депозитарийге бұйрықтар беру тәртібі;

- Облигацияларды ұстаушыға өзінен сатып алынған Облигацияларды төлеуге ақша қаражатын аудару тәртібі.

- Эмитенттің Облигацияларды сатып алуын ұйымдастыру үшін қажетті өзге де ақпарат.

Орналастырылған Облигацияларды сатып алуды Эмитенттің Жалғыз қатысушысы Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде Эмитент жүзеге асырады.

Облигацияларды өтеу мерзімінсіз шығарған жағдайда мемлекеттік емес облигацияларды ұстаушылардың облигацияларды өтеу мерзімінсіз, оның ішінде Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15 және 18-4-баптарында көзделген негіздер бойынша сатып алу туралы талап қоя алмайтыны туралы мәліметтер көрсетіледі.

Облигациялардың өтеу мерзімі бар.

11. Облигациялар бойынша сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған кезде облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қорғау рәсімдерін, оның ішінде міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен шарттарын қоса алғанда, облигациялар бойынша дефолт басталған жағдайда эмитент қолданатын шаралар

Дефолт — бұл эмиссиялық бағалы қағаздар және өзге де қаржы құралдары бойынша міндеттемелерді орындамау. Эмитенттің Облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиға (бұдан әрі - Дефолт оқиғасы) Эмитенттің негізгі борыш және (немесе) купондық сыйақы төлеу үшін осы Жеке меморандумда белгіленген мерзімдерде Облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) купондық сыйақы сомасын төлеу жөніндегі міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамауы болып табылады.

Облигациялар бойынша Дефолт оқиғасы туындаған жағдайда, Эмитент Облигацияларды ұстаушыларға негізгі борыш сомасын және (немесе) Облигациялар бойынша купондық сыйақыны (нақты төлем күні) немесе оның тиісті бөлігін төлеу туралы ақшалай міндеттеме орындалған күнге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесін негізге ала отырып, мерзімі өткен әрбір күн үшін (айыппұлды есептеудің соңғы күні-нақты төлем күні) тұрақсыздық айыбын есептеуге және төлеуге міндетті.

Егер мұндай төлемеу және (немесе) толық емес төлеу Эмитенттің Облигацияларды ұстаушының банк шотының анық емес не толық емес деректемелерін алуының, Эмитенттің сыйақы және (немесе) номиналды құнын төлеуді жүзеге асыруын немесе «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ Облигацияларды ұстаушылар тізілімінің Эмитентіне заңнамада және онымен жасасқан Шартпен белгіленген тәртіппен және мерзімдерде ұсынбауының нәтижесі болса, онда Эмитенттің осы жеке меморандумда белгіленген тәртіппен және мерзімдерде сыйақыны және (немесе) облигациялардың номиналды құнын төлемеуі не толық төлемеуі Облигациялар бойынша дефолт болып табылмайды.

Эмитент Облигациялар бойынша өз міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін, егер бұл орындамау еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдары болса, жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары деп басталуын болжау немесе алдын алу мүмкін болмаған мән-жайлар (дүлей құбылыстар, әскери іс-қимылдар, тыйым салу немесе шектеу сипатындағы уәкілетті органдардың актілері және т.б.) түсініледі. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда, Эмитенттің осы Жеке меморандумда көзделген өз міндеттемелерін орындау мерзімі осындай мән-жайлар мен олардың салдары қолданылатын уақыт кезеңіне сәйкес кейінге қалдырылады.

Міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен шарттарын Эмитент Облигацияларды ұстаушылармен келіссөздер жүргізу арқылы келіседі. Эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау туралы шешімді Жалғыз қатысушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кредиторлардың келісімімен, оның ішінде Облигация оны ұстаушыға беретін құқықтарды ескере отырып қабылдайды. Эмитент Дефолт оқиғасының басталғаны туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және осы Жеке меморандумда көзделген тәртіппен және мерзімдерде Облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізеді.

Эмитент Дефолт оқиғасын тудырған себептерді жою (егер бар болса) және Облигацияларды ұстаушылардың құқықтарының орындалуын қамтамасыз ету үшін барлық күш-жігерін жұмсауға міндетті.

Эмитент дефолт туындаған жағдайда, дефолт басталған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Облигация ұстаушылардың назарына «Қазақстан қор биржасы» АҚ (www.kase.kz) және қаржылық есептілік депозитарийі (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы осы ақпаратты жеткізуге міндетті. Жарияланған мәліметтер келесі деректерді қамтуы тиіс:

а) дефолт оқиғасының басталуына себеп болған себептердің толық сипаттамасы;

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

- b) орындалмаған міндеттемелердің көлемі туралы мәліметтер;
- c) Облигацияларды ұстаушылардың Эмитентке қойылатын талаптармен айналыс тәртібі мен мерзімдерін қоса алғанда, орындалмаған міндеттемелерге қатысты өз талаптарын қанағаттандыру бойынша Облигацияларды ұстаушылардың ықтимал әрекеттерін аудару;
- d) басталуына себеп болған себептерді жою үшін Эмитент қабылдайтын немесе қабылдайтын шаралар дефолт оқиғасы;
- e) Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысының өткізілетін күні;
- f) Эмитенттің пікірі бойынша өзге де маңызды ақпарат.

Дефолт оқиғасының басталғаны туралы ақпараттық хабарлама алғаш жарияланған күннен кейінгі 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Эмитент Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын шақыруға және өткізуге міндетті.

Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысының күн тәртібіне өзге де мәселелерден басқа, Эмитент дайындаған өзінің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын және (қажет болған жағдайда) ықтимал өзгерістер жобасын бекіту туралы мәселелер осы Жеке меморандумға енгізілуге тиіс.

Егер Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу қорытындысы бойынша төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілмесе және Эмитенттің өз төлем қабілеттілігін қалпына келтіру мүмкін естігі туралы шешім қабылданатын болса, сондай-ақ егер Эмитент борышкер кредиторлардың талаптарын толық көлемде қанағаттандыра алмаған кезде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін заңнамада көзделген мерзімдерде Облигациялар бойынша негізгі борыштың және (немесе) купондық сыйақының сомасын төлеу және Облигацияларды ұстаушылардың алған жазбаша талаптары бойынша Облигацияларды сатып алу жөніндегі өз міндеттемелерін орындамаса, онда Облигациялар Эмитенті мен ұстаушыларының немесе Облигациялар бойынша талап ету құқықтарының одан арғы әрекеттері Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық саласындағы заңнамасымен реттеледі.

Егер Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу қорытындылары бойынша төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілетін болса, Эмитенттің Жалғыз қатысушысы Облигация оны ұстаушыға беретін құқықтарды ескере отырып, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі осы іс-шаралар жоспарын іске асыру туралы шешім қабылдайды.

Уәкілетті тұлға:

(тегі, инициалдары)

Электрондық цифрлық қолтаңба:

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.